

**Балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) учаскелерінің шекаралары аншлагтарының үлгілерін, сондай-ақ балық аулау үшін тыйым салынған мерзімдер мен орындарды, балық ресурстарын және басқа да су жануарларын аулауды есепке алу журналының (кәсіпшілік журналдың) нысанын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2026 жылғы 27 қаңтардағы № 35 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 29 қаңтарда № 37901 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір мәселелері" Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2005 жылғы 6 сәуірдегі № 310 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 508-89) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) учаскелерінің шекаралары аншлагтарының үлгілері сондай-ақ балық аулау үшін тыйым салынған мерзімдер мен орындар ;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес балық ресурстарын және басқа да су жануарларын аулауды есепке алу журналының (кәсіпшілік журналдың) нысаны бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Балық шаруашылығы комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы  
министрінің міндетін атқарушы*

*А. Султанов*

Қазақстан Республикасы Ауыл  
шаруашылығы министрінің  
міндетін атқарушы  
2026 жылғы 27 қаңтардағы

Нысан

### Өсімді молайту учаскелерінің шекараларын көрсететін аншлагтың үлгісі

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!**

**УЫЛДЫРЫҚ ШАШУ ОРЫНЫ!**

Балық ресурстары мен басқа да су жануарларының уылдырық шашуы және көбеюі кезеңінде "\_\_\_" \_\_\_\_\_  
\_\_\_ - "\_\_\_" \_\_\_\_\_ аралығында

балық аулауға тыйым салынады.

Уылдырық шашу орындарының карта-схемасы

**ВНИМАНИЕ!**

**НЕРЕСТИЛИЩЕ!**

Рыболовство запрещается в период нереста и размножения рыбных  
ресурсов и других водных животных с "\_\_\_" \_\_\_\_\_ - "\_\_\_" \_\_\_\_\_.

Карта-схема мест нерестилища

Ескерту:

өсімді молайту учаскелерінің шекараларын көрсететін аншлаг (бұдан әрі – №1 аншлаг) уылдырық шашу орындарында, балық ресурстары мен басқа да су жануарларының көбейетін жерлерінде орнатылады және балық ресурстары мен басқа да су жануарларының уылдырық шашуы және көбеюі кезеңінде балық аулауға тыйым салу мерзімдері туралы ақпарат береді, уылдырық шашу орындарының карта-схемасы болады.

Нысан

### Тынығу аймақтарының шекараларын көрсететін аншлагтың үлгісі

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!**

**ТЫНЫШТЫҚ АЙМАҒЫ!**

Балық аулауға тыйым салынады.

Тыныштық аймағының карта-схемасы

**ВНИМАНИЕ!**

**ЗОНА ПОКОЯ!**

Рыболовство запрещается

Карта - схема зоны покоя

Ескерту:

тынығу аймақтарының шекараларын көрсететін аншлаг (бұдан әрі – №2 аншлаг) балық аулауға жыл бойы тыйым салынған орындарда орнатылады және тынығу аймағының карта-схемада көрсетілген су айдынында және (немесе) учаскеде балық аулауға тыйым салынғаны туралы ақпарат береді.

Нысан

### Балық шаруашылығы су айдындары және (немесе) учаскелерінің шекараларын көрсететін аншлагтың үлгісі

БАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ СУБЪЕКТІСІНІҢ АТАУЫ  
СУ АЙДЫНЫНЫҢ және (немесе) УЧАСКЕСІНІҢ АТАУЫ

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗДАР!**

"ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ" ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ КОДЕКСІНІҢ 383-БАБЫНА СӘЙКЕС РҰҚСАТСЫЗ НЕМЕСЕ ЖОЛДАМАСЫЗ БАЛЫҚ АУЛАНҒАНЫ ҮШІН ӘКІМШІЛІК АЙЫППҮЛ САЛЫНАДЫ!

Байланыс тел: 8 (код) нөмірі

Балық шаруашылығы су айдынының және (немесе) учаскесінің карта-схемасы

НАИМЕНОВАНИЕ СУБЪЕКТА РЫБНОГО ХОЗЯЙСТВА

НАИМЕНОВАНИЕ ВОДОЕМА и (или) УЧАСТКА

**ВНИМАНИЕ!**

СОГЛАСНО СТАТЬЕ 383 КОДЕКСА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН "ОБ АДМИНИСТРАТИВНЫХ ПРАВОНАРУШЕНИЯХ" ЗА РЫБОЛОВСТВО БЕЗ РАЗРЕШЕНИЯ ИЛИ ПУТЕВКИ НАЛАГАЕТСЯ АДМИНИСТРАТИВНЫЙ ШТРАФ!

Контактный тел: 8 (код) номер

Карта - схема рыбохозяйственного водоема и (или) участка

Ескерту:

балық шаруашылығы су айдындары және (немесе) учаскелерінің шекараларын көрсететін аншлаг (бұдан әрі – №3 аншлаг) бекітіліп берілген балық шаруашылығы су айдынына және (немесе) учаскесіне кіреберіс жолдарда орнатылады, онда балық шаруашылығы субъектісінің атауы, су айдынының және (немесе) учаскенің атауы, байланыс телефоны туралы ақпарат жазылады және рұқсатсыз немесе жолдамасыз балық ауланғаны үшін әкімшілік жауапкершілік туралы хабарлайды, балық шаруашылығы су айдынының және (немесе) учаскесінің карта-схемасы болады.

Нысан

**Балық аулауға тыйым салынған мерзімдер мен орындарды көрсететін аншлагтың үлгісі**

БАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ СУБЪЕКТІСІНІҢ АТАУЫ

СУ АЙДЫНЫНЫҢ және (немесе) УЧАСКЕНІҢ АТАУЫ

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗДАР!**

"\_\_" \_\_\_\_ - "\_\_" \_\_\_\_ аралығында

карта-схемада көрсетілген орында балық аулауға тыйым салынады.

Балық аулауға тыйым салынған орындардың карта-схемасы

Карта - схема мест запретные для рыболовства

НАИМЕНОВАНИЕ СУБЪЕКТА РЫБНОГО ХОЗЯЙСТВА

НАИМЕНОВАНИЕ ВОДОЕМА и (или) УЧАСТКА

**ВНИМАНИЕ!**

Рыболовство запрещается в местах, указанных на карте - схеме водоема и (или) участка в период с "\_\_" \_\_\_\_ - "\_\_" \_\_\_\_".

Ескерту:

балық аулауға тыйым салынған мерзімдер мен орындарды көрсететін аншлаг (бұдан әрі – №4 аншлаг) балық шаруашылығы су айдындарында және (немесе) учаскелерінде орнатылады, балық аулауға тыйым салынған мерзімдер мен орындар туралы ақпарат береді, сондай-ақ балық шаруашылығы субъектісінің атауын, су

айдынының және (немесе) учаскенің атауын қамтиды және су айдынының және (немесе) учаскесінің карта-схемасы болады.

### **Аншлагтарға арналған жалпы сипаттамалар**

Аншлагтардың келесі сипаттамаларға сәйкестігі:

- 1) тіреу бағанасынан және сигналдық тақтайшадан тұруы;
- 2) сигналдық тақтайша тік төртбұрышты болуы және өлшемі ұзындығы кемінде 1,2 метр, ені кемінде 0,6 метр болуы;
- 3) сигналдық тақтайшаның төменгі бөлігі мен жер беті арасындағы қашықтық кемінде 1,5 метр болуы;
- 4) аншлагтардың негізгі фоны:
- 5) ашық жасыл түс – №1 аншлаг үшін;
- 6) ақ түс – №2 аншлаг үшін;
- 7) сары түс – №3 аншлаг үшін;
- 8) көк түс – №4 аншлаг үшін;
- 9) қызыл түс – аншлагтардың жиектемесі үшін.

Сигналдық тақтайшадағы жазулар мемлекеттік және орыс тілдерінде қара түспен жазылуы тиіс.

Өсімді молайту учаскелерінің, тынығу аймақтарының, балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) учаскелерінің шекараларын, сондай-ақ балық аулауға тыйым салынған мерзімдер мен орындарды көрсететін карта-схемалар сигналдық тақтайшаның ортасына орналастырылуы тиіс және олардың өлшемі сигналдық тақтайшаның жалпы көлемінің 1/4-нен кем емес және 1/3-тен көп емес болуы қажет.

---

(балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган ведомствосының  
аумақтық бөлімшесі)

---

---

(балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшемен  
шарт жасасқан балық шаруашылығы субъектісінің атауы)

---

---

(бригада жетекшісі немесе басқа жауапты адамның аты, әкесінің аты (бар болса),  
тегі)

Қазақстан Республикасы Ауыл  
шаруашылығы министрінің  
міндетін атқарушы

Нысан

**Балық ресурстарын және басқа да су жануарларын аулауды есепке алу журналы (кәсіпшілік журналы)**

Аулау күні	Су айдынының және (немесе) участкенің атауы	Пайдаланылған балық аулау құралдарының түрлері мен саны	Балық аулауды жүзеге асырған балықшылар саны	Балық аулауды жүзеге асыраған балықшының Т.А.Ә. (әкесінің аты бар болса)	Ауланған балық көлемі (килограмм)
1	2	3	4	5	6

**Кестенің жалғасы**

Ауланған балықтың түрлік құрамы, балық түрлері (килограмм)	Барлық босатылған балық (килограмм)	Тиіп-жөнелтілген күні, жүкқұжаттың №, автомашинаның кемеңің №	Ауланған балықты қабылдаған адамның Т.А.Ә. (әкесінің аты бар болса) және қолы	Балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қорғау жөніндегі мемлекеттік инспектордың қолы
7	8	9	10	11